

УДК 82- 51

## Мұсатай Ғалымұлы Есмағанбет

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің профессоры

### АТЫҒАЙ ЗІЛҚАРА ШЕШЕН

*Зілқара шешеннің шешендік сөздері келтірілген*

Біз алдымен Зілқараның (Атығайдың Құдайберлісінің Андағұлына жатады) аты қалай қойылғанына тоқталамыз. Ол үшін мына мақалаға назар аударайық («Қазақ әдебиеті»): «Жанкісі Қарабас ұлы (1738-1817жж.) Қожаберген, Бұқар, Үмбетей, Тәттіқара секілді жырауларға шәкірт болған, атақты «Бөгенбай батыр» дастанының бір вариантын жырлаған екен.

«Жанкісіден Салғара, Зілқара, Шопан, Орхан, Бұрхан атты бес ұл туған, бесеуі де найзагер, батыр, палуан болғандықтан, ел оларды «Жанкісінің бесқасқасы» деп атаған. Осы арада бір ескере кететін жайт мынау, Жанкісінің Зілқара, Шопан деген батыр, палуан, әнші ұлдарымен замандас болып қатар өскен Атығай Байтоқа мырза елге осылардай белгілі болса керек. Жанкісінің әлгі екі баласының атын кейін дүниеге келген өзінің екі ұлына қойған. Байтоқаның балаларын ат қою былай болыпты: тұңғышы Ғайнижамал атты қыз екен (Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» повесіндегі Есенейдің бірінші жұбайы осы Байтоқаның қызы Ғайнижамал).

Байтоқа мырзаның ауылы Көкшетаудағы Салқынкөлде жаз жайлауда отыр екен. Екінші перзентіне жүкті әйелі Жәнипа күні жетіп толғатып жатыр екен. Он екі қанат, сегіз қанат, алты қанат ақбоз үйлер тігілген көл жағасындағы ауылға мырзаның бәйібшесі толғатып жатқан үстінде ел аралап, салдық құрып жүрген әнші Зілқара қырық бес сал-сері жігітімен келеді. Келген бойда олар ат басын Байтоқаның үйіне тірейді. Байтоқа алдарынан шығып, қарсы алып Зілқара жігіттерін

он екі қабат ақ үйдің біріне түсіреді де:

-Палуан аға, қош келдіңіз, келініңіз толғатып қиналып жатыр, соған шапағатыңыз тисе дұрыс болар еді,- депті. Сонда Зілқара Жәнипа толғатып жатқан үйге кіріп, шымылдықтың сыртынан қобызын боздатып Қожаберген жыраудың «Бозайғыр» күйін тартады. Ауырлап қиналып жатқан жүкті әйел, қобыз үніне елтіп, тез жеңілейіп, ұл бала табады. Жәнипаның қол-аяғы жеңілейген соң бір күн өткенде Байтоқа шілдекана тойын жасайды. Зілқараларды жібермей қонақ етеді де:

-Палуан сіздің есіміңізді осы перзентіме қояйын деп отырмын, жақсы ырым болсын, сіз келгенде туды,-дейді. Зілқара:

-Иә, қоя бер, мен құдай емес, құдайдан былай да емеспін,- деп өлеңмен бата берген екен. Содан ұл бала өсе келе елде Байтоқаның Зілқарасы атанады. Бұл жас шамасы Жанкісінің Зілқарасынан отыз жастай кіші. Содан соң туған екінші ұлына Байтоқа Зілқараның інісі Шопанның атын тағы қояды.

Сөйтіп, Жанкісінің Зілқара-Шопан (таузар керей) Байтоқаның Зілқара-Шопаны (атығай) атты адамдар дүниеде болғанын тарихи деректерден білеміз. Атығай Зілқара (кіші Зілқара) Байтоқаұлы айтулы би, аға сұлтан болып Көкшетау дуанында көп жыл ел билеген. Үкіметке жақсы қызмет еткені үшін ол 1852 жылы ақпан жұлдызының 11-де патшадан қазақ дворяні және подполковник атағын грамотасымен қоса алған.

Зілқараның бұл грамотасы Петропавл қаласындағы облыстық тарихи өлкетану мұражайында күні бүгінге дейін сақтаулы. Бұл

Зілқара яғни кіші Зілқара әнші де, ақын да емес, мәнсап иесі ғана болған. Ал осы Зілқара туралы өздерінің мағұлыматы аз қайсы біреулер кіші Зілқараны әнші, ақын болған деп лақап таратып жүр. Шынында кіші Зілқара да, үлкен Зілқара да ақын, жырау болмаған. Зілқара әнші, сыбызғышы, қобызшы, домбырашы болған. Ал әрі ақын, әрі композитор ағасы Салғара екенін біз жоғарыда айттық. Оның «Жиырма бес», «Тоқсан бес» атты әндері халық арасында, қазақтың байтақ өлкесіне кең тарағанын да әңгіме еттік. Салғара мен Байтоқадан туған әлгі Әнші Зілқараның екеуі ажырата білмейтіндер осы күнге дейін шатастырып, оқырманды адастырумен келеді...» деп жазды Нәбиден Әбуталиев өзінің «Салғара ақын» деген мақаласында [ 1 ].

Біз Атығай Құдайберлісінің ұрпағы Зілқара туралы "Асыл сөзде" жазғамыз. Оның әкесі Байтоқа би Абылаймен сыйлас, Уәлиді хан көтерген беделді адамдардың бірі. 1770 жылдардағы Пугачев көтерілісі тұсында Құлсары батырлармен бірге Байтоқа Елдібаевтің - /Жолдыбай/ аты ел ағасы ретінде айтылады. Оның бауыры-Қаратоқа би де Уәлиханның атынан елшілікте жүрген ел ағасы – дейді Тортай ініміз. Зілқара Есеней, Тәбейлермен бірге Сегіз Серіні кезінде қолдап, қорғап демеп отырғаны белгілі болып отыр. Сегіз Сері қайтқанда қосағы Ырысбике жоқтауында:

Сөйлеген жиында,  
Халық ұйып сөзіне,  
Есеней, Тәбей, Зілқара,  
Жақтас болған өзіне,- депті. Енді бір өлеңін келтіре кетейік.

Зілқара Байтоқаұлы (кейбіреулер Қаратоқаұлы дейді) 1761-1856 жылдар аралығында өмір сүрген. Орта жүз Арғынның Атығай руының Андағұл атасынан шыққан әрі шешен, әрі би.

Баласы Атығайдың Зілқара едім,  
Өзім би, өзім шешен, ділмәр едім.

Кешегі жиырма бес келсе қайтып,

Дүниені оңды солы бұлғар едім – деген сияқты ел арасында таралып кеткен шешендік, тапқыр сөздері көп боған.

Зілқара шешен тоқсан бес жасқа толып қартайып отырған оған Бөгенбай батыр бастаған бір топ адам сәлем беруге барыпты. Сонда Зілқара қария:

«Отбасында қоңызбен жарысамыз,

Тоқсан төрт, тоқсан беспен алысамыз.

Ертең ауыл көшеді –ау арыс-арыс,

Жас баламен ертелі-кеш танысамыз - деген екен», деп жазады (Архив ЛММА,КПП-1,№529,56- 57 б).

«Жас баламен ертелі-кеш танысамыз» дегені қарттық жеңіп, көз бұлдырлаған қарияның немерелерін ажырата алмай, оларды ертелі-кеш көрген сайын: «Қай баласың?» - деп сұрай беретінін меңзеуі екен. Бір айта кететін Зілқараның шешендігіне, ділмәрлығына, бай болғанына ешбір дау айтылмауы тиіс. Оны оқырман осы кітапшадан аңғарады деп сенеміз.

С.Мұқановтың жазуынша («Аққан жұлдыз») «Зілқараның әкесі Абылай ханның қолбасшыларының бірі болған. Зілқара Қасымды қуысқаны үшін хорунжий чинін және дворян атағын алған. Сондағы грамотасы Қызылжарлық мұражайында тұр».

Айғаным (Уәлиханның әйелі) 1822-24 жылдары ең бірінші алты аға сұлтанның бірі болған. Зілқара Айғанымды түсіріп Көкшетау дуанының аға сұлтаны болған деп жазып жүр. Ал шынында 1824 жылы Ғұбайдолла Уәлиханов аға сұлтан, Зілқара мен Мүсет Жәнібеков мәжіліскерлері болған. Жоғары жаққа жіберген сенім хатта аға сұлтанның емес кеңесші Зілқараның мөрі басылған. Ғұбайдолла аға сұлтандықты менсінбей еш жұмыс істемей жатып алған. Бар жұмысты Зілқара атқарған.1825 жылы Үкімет Зілқараны аға сұлтан сайлаған.1832 жылы Ғұбайдолла аға сұлтан болып қайта сайланады.Орыс заңы бойынша басқа халықтың өкілі өзі,не ұрпағымен үш рет аға сұлтан

болса дворян атағы беріледі екен Сегіз жыл аға сұлтан болған Зілқара қазақтан тұңғыш дворян атағын алған. Қазіргі Көкшетау қаласына алғаш дуан үйін салдырған осы Зілқара еді. Сол салынған үйлерге бірінші боп кірген Зілқара мен Мүсет болатын. Одан кейін Мұса деген баласы аға сұлтан болған (кейбір деректерде Әлібек те аға сұлтан болды деп жазады). Зілқараға кейбір деректерде 30 мың жылқы біткен болса керек. 1901 жылы әкесі Орманбет өлгенде баласы Нарманбет жоқтауында:

... Атығай мен Қарауыл,  
Онан артық қай ауыл?  
Жаратылаған оңынан  
Жеті момын бір ауыл,...  
Атығайда Зілқара,  
Бәсентиін Қазанғап

Ақ патшаға сыр айтқан..., - деп айтып кетеді. Қазанғаптың патшаның қабылдауында болғанын қазақтың жағдайын айтып хат тастағанын С.Мұқанов жазған, сонда Қазанғаппен бірген (өлде бөлек) Зілқара да болып, хат жазған болып шығады. Патшаға туған халқының тағдырына байланысты мәселе қою, ол-ерлік деп білеміз», 25,95 деген т.б. өндері болған» деп жазады С.Жүнісов.

« Оралынның барында күл де ойна!

Жастық шақ қайта айналып келмес саған,

Жиырма бес қайта айналып келмес маған, - деген өлең сөздері Зілқараныкі» - деп жазады С.Ақатай, Сарбас Ақтаев. Зілқара Солтүстік Қазақстан облысында (Бескөл ауданы) Алуа көлі маңында зиратта жерленген. (С.Мұқановтың айтуынан Ж.Бектұров ақсақалдың сөзі) [2].

... Қанжығалы, Тобықты  
Қатар туған Момыннан,  
Сары жетім, Шақшақ боп,  
Бәсентиін соңынан.  
Атығайда, Қарауыл,  
Онан артық қай ауыл?  
Жаратылаған оңынан.  
Жеті момын бір ауыл.

Белгілі бекзат би шыққан,  
Әрбірінің соңынан.  
Арғын ата алты арыс,  
Ішінде көп бұлтарыс.  
Момыннан артық бірі жоқ,  
Айтылмай егер қалмаса,  
Жоқтаушының жоғынан?  
Дүниенің сөзі бір бөлек,  
Айтып-айтпай не керек.  
Әлем асқан маңғаздар  
Қалмады-ау қаза оғынан!  
Шақшақтан шыққан Жәнібек,  
Қазақ ұлысын ұлғайтқан.  
Қараменде бабамыз,  
Үш жүзге өрнек үлгі айтқан.  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Ханға бермей тізгінін,  
Өз теңімен қол тартқан.  
Атығайда Зілқара,  
Бәсентиін Қазанғап,  
Ақ патшаға сыр айтқан.  
Тобықтыда Құнанбай,  
Бәрінің туы болыпты.  
Қалеті бар ма сөзімнің,

Әлеуметтер, бұл айтқан?...- деп 1901 жылғы әкесі Орманбет өлгенде Нарманбет акын жоқтаған. Бұл жоқтауды А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы 1925 жылы Мәскеуде шығарған.

Сегіз сері Қаныш Сәтпаевтің әкесі Иман туғанда (1845ж) берген батасында:

Тоқсан бидей көп жасап, жүзге келіп,  
Зілқарадай мал-басың өсіп өніп, - дегеніне қарағанда Зілекенде мал-басы болғанын көрсетсе, Атығай Қуанышбай би бір батасында:  
Зілқарадай зілді бол,  
Қайтпас кара тілді бол.  
Дәулеткелдідей дәулетті

Аққошқардай пұлды бол,- деп жырлап өтеді. Бұл жоқтау, баталардан Зілқараның Шақшақ Жәнібек батыр, Қанжығалы Бөгенбай, Қараменді би,

Құнанбай, Қазанғап, Аққошқарлермен терезесі тең екенін көреміз [3].

Алшын елінің батыры Жанғабыл Төлегенұлы атағы бүкіл қазақ арасына тараған орта жүздің аламдарын өзі жақсы білсе де, Сегіз серіні 1848 жылы қонақ қылып ол аттанарда жорта сұрақ қойып сынапты. Сонда Жанғабыл күлімсіреп Сегізге қарап:

- Батыр Сарыарқада Есеней, Төбей, Бекентай, Зілқара, Шопан, Аққошқар, Сайдалы, Емен, Семен, Сағынай, Бәзіл, Мұса, Сәтбай, Алшынбай, Құнанбай дегендер бар екен, олар қандай адамдар? – депті. Сонда Сері Жанғабылға:

- Айтайын, Жанғабылым. Олар сондай адамдар: күйсе толмайды, толса аспайды, - дейді.

Сонда Жанғабыл:

- Япыр-ай бәрі де асқан дәулетті, жомарт мырзалар екен ғой, ...- депті.

Бұдан Зілқараның байлық, мырзалық жағынан ешкімнен кем болмағанын аңғарсыз. Мұндағы Шопан Зілқараның інісі [4].

Сырым батыр ауылының бір жігіті Зілқара ауылының бір қызын айттырыпты да, қалыңдық ойнап жүріп, алатын жылы айнып қалыпты. Содан қыз жүкті болып, отырып қалады. Екі ел арасында дау шығады. Зілқара Сырымға барады. Сонда Сырым:

Құда болдық даңқыңмен,

Сыйласуға халқыңмен.

Екі қара нар бердім,

Үш жиырма мал бердім.

Күміс деп айттырып ем,

Айттырғаным мыс шықты,

Алтын деп айттырып ем,

Алтынның таты шықты.

Қызыңның аты шықты.

Сол себепті төреге барып,

Төбеге шығып, қызыңды,

Жігітім алмай жүр! – депті. Бұл Сөзге Зілқара

былай деп жауап беріпті:

Рас, құда болдық даңқыңмен,

Сыйласуға халқыңмен.

Екі қара нар бердің,

Қос жорғаны пар бердің.

Үш жиырма мал бердің,

Құлындай байлады,

Тайдай жайлады,

Алты жыл қалыңдық ойнады,

Қызды еркіне қоймады.

Енді алмаймын дегенді ойлады, - деп, өкпе білдіріпті. Содан екеуі әрлі-берлі айтыса, қағыса келіп, ақыры Сырым батыр Зілқараның айтқанына көшіпті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының Орталық Ғылыми кітап қоймасы №713,4 (кім жазып алғаны белгісіз) [5].

Бір жас бар – он жас деген ойнақтаған,

Тай мініп, жай қамшылап жайдақтаған.

Келгенде 15 жасқа сері жасым,

Жақсылық еш нәрсені ойлатпаған.

Жиырма одан әрі қылшылдаған,

Сағымдай мінез бітер қылтылдаған,

Әсерін 20-ның көтере алмай,

Буының мас болғандай қылпылдаған.

25 онан әрі толған күнің,

Таранып тас түлектей болған күнің.

Келгенде отыз жасқа ойнайтұғын,

Қызыққа мойын бұрып қоймайтұғын.

Мал жиып, қатын алып, бала сүйіп,

Өнерін шаруаның ойлайтұғын.

35 онан әрі толған күнің,

Таранып тас түлектей болған күнің.

Күш – қайрат, ақыл, айла сені тауып,

Тентекке ақыл айтып толған күнің.

40 жас одан әрі қылыш екен,

Мойының шаруаға бұрыс екен.

Қырықтан онан әрі жылысқан соң,

Бұзықтық қылмағаның дұрыс екен.

50-де ебін болмайды еңкейгенмен,

Икем алуға қолың жетпейді көркейгенмен.

Әр нәрсе қысқа жіптің күрмеуіндей,  
Еш пайда таба алмайсың шертигенмен.  
60-та шал боларсың аңқылдаған,  
Жиылмай омырауың салпылдаған.  
Кешегі өтіп кеткен дәл 25,  
Алдыңнан сағым болып жарқылдаған.  
70-те жер таянбай тұра алмайсың,  
Қолына таяқ алмай жүре алмайсың.  
Балаң мен келіңіз сөзің өтпей,  
Өңгіме топ ішінде құра алмайсың.  
80-де шал боларсың селкілдеген,  
Ағарып сақал-мұртың желпілдеген.  
Балаң мен келіңіз қадырың кетіп,  
Шер бітіп, көкірегің күркілдеген.  
90-да шал боларсың томыртқадай,  
Тастаған шала мүжіп омыртқадай.  
Қыздардың жас күнімде текесі едім,  
Шіріген енді болдым жұмыртқадай.  
Сұрасаң менің атым Зілқара едім,  
Келгенде қызыл тілге ділмәр едім.  
Кешегі дәл 25 қайта келсе,  
Дүниенің төрт бұрышын бұлғар едім.  
25 мен қайтейін жастығымды,  
85 маған тіктің қастығыңды.  
Алысып 85-пен жатқанымда  
Шаңдатты тоқал құрығыр жастығымды.  
Алашқа атым шықты дабылменен,  
Тарттым сырнай күйін қобызбенен.  
85 сыбағалы келгеннен соң,  
Жарыстым от басында қоңызбенен.  
Қай қауын, мына қауын, сары қауын,  
Ұшады сары қауын жауса жауын.  
Басына кеңес құрар Зілқараң жоқ,  
Тұрмысың адыра қалып Көкшетауым.  
Келді ме кәрілік шіркін кезіменен,  
Қарайды келіп жаман көзіменен.  
Міне деп ұрмағанмен ұрғандай қып,  
Кетеді ұрып сөзіменен.  
95-ке келіп отырған шал екі жағын таңдырып  
алып, қызды айтысып жеңіпті. Айтысуға барар

алдында балаларына өзінің өмірін әңгімелеп  
сынатқан. Сөздерінде Зілқара өмірінің жарқын  
жақтары, сөзі де, ісі де ірі, кесек тұлғасы  
танылады.

Ат байлап жиырмады кидім киім,  
Түсірітім атын ұстап хан мен бидің.  
Көрінсе елде сұлу өзімсіңген,  
Келер ме екен айналып жігіттігім.  
Отызда төрде отырып айттым билік,  
Халқыма һәкім болдым бес жүз үйлік.  
Халықтың жақсы деген лақабымен  
Патшадан награда алып шекпен кидік.  
Өнерді қылып едім 40 жасымда,  
Лайық болып еді мал басымда.  
Қасымда қанша нөкер ерсе дағы  
Біреуі налыған жоқ жолдасым да.

(Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым  
академиясының Орталық Ғылыми кітап қоймасы  
№693,3, арапшадан аударылды) [ 6-7].

#### ӘДЕБИЕТ

1. Есмағанбет М.Ф. Атығай Құрмысы би. Халықаралық ғылыми-практикалық конф. » Халықаралық ғылыми-практикалық конф. Көкшетау, 2009 .т.1. 125-129 б.
2. Есмағанбет М.Ф. Атығай Құрмысы бидің араласқан адамдары. Халықаралық ғылыми-практикалық конф.» Халықаралық ғылыми-практикалық конф. Көкшетау, 2009.т.1. 129-136 б.
3. Мүсатай Ғалым. «Зілқара шешен», «Азия транзит» №6, 2000,110-116 б.
4. Мүсатай Ғалым «Құрмысы би», «Жұлдыз», 2001, № 3, 220-225 б.
5. Архив ЛММА, КПП-1, №529, 56- 57 б
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының Орталық Ғылыми кітап қоймасы №713, 4
7. «Солтүстік Қазақстан» 28.08.99 Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітап қоймасы №693, 3